



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 10/654

06 марта 2020 года

Вестник

8 НАУРЫЗ – ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ 8 МАРТА – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ



Құрметті ханымдар!

Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Көктемнің шуақты сәті аналарымыз бен аруларымыздың мейрамынан бастау алады. Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан-дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді.

Ардақты аналар, аяулы арулар!

Әйел бақыты - жар сүю, ана болу, елге тұтқа, ұрпаққа пана болу. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айрықша күшке ие. Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Әрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре бергейсіздер!

Ізгі тілекпен

Қала әкімі Қ. Камзин,
Мәслихат хатшысы Б. Сәрсембеков

Уважаемые дамы!

От всей души поздравляем вас с Международным женским днем 8 марта!

В этот весенний день мы начинаем с праздника женщины. Этот день, наполненный добротой и красотой, яркими чувствами и уважением, наполнен душевным теплом.



Дорогие и милые женщины!

Пусть каждое мгновение вашей жизни приносит море счастья, тепла, улыбок и замечательного настроения!

Желаем вам всегда любить, быть любимыми, оставаться неотразимыми и осуществлять свои мечты!

С уважением

Аким города К. Камзин,
Секретарь маслихата Б. Сәрсембеков

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ, ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ



2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында мемлекеттік отбасылық саясат бойынша алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бірнеше міндеттер жүктелген. Соның бір ғана тармағы — биліктің атқарушы, өкілдік және сот органдарында, мемлекеттік, квази мемлекеттік және корпоративтік секторда

шешімдер қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесін 30 пайызға жеткізу, сонымен бірге еңбек нарығына, қаржылық және басқа да ресурстарға тең қолжетімділік жасау арқылы әйелдердің экономикаға араласуын кеңейту, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тетіктері арқылы ауылдық жерлерде әйелдерге нысаналы қолдау көрсету.

Әйел – отбасының ұйытқысы, ол отбасында ғана емес, жалпы қоғамда да бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы саналады. Қазіргі заманда әйелдер қауымы қоғам мен

мемлекет ісіне келгенде ер азаматтардан кем белсенділік танытып отырған жоқ. Яғни, әйел азаматтар тек отбасы төңірегінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметте, бизнесте, денсаулық сақтау мен білім-ағарту жүйесінде жемісті жұмыс істеп жатыр. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты

қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшелініп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде.

Осындай мемлекеттік мекемеде, еңбекте жоғары нәтижелер көрсетіп жүрген, мемлекеттік қызметтің дамуына елеулі үлес қосып жүрген «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің бюджет мәселелері бойынша бөлім басшысы Дәнеғұлова Роза Ақылбайқызы. 1961 жылы дүниеге келген, Жамбыл облысы Қордай ауданының тумасы. Білімі жоғары, тәжірибесі мол, еңбек жолын жас кезінен бастаған білікті маман. Еңбек жолын 1979-1995 жылдар аралығында Қордай ауданынан бастаған, 1995 жылдан бастап осы күнге дейін Қарағанды облысы Приозерск қаласында, мемлекеттік қызметте 15 жыл еңбек өтілі бар, бөлім басшысы лауазымында 7-ші жыл қызмет атқарып келеді.

«Әйел - бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» дегендей, Роза Ақылбайқызы, қыз өсірген ана, немере тәрбиелеп отырған әже. Қызметі мен отбасын қоса алып жүрген аяулы жар.

Жұмысқа тиянақты, жауапкершілігі мол қызметкер ретінде:

Приозерск қаласының және Сары-Шаған полигонының 55 жылдығына орай Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасы;

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20-жылдығы қарсаңында Приозерск қалалық мәслихат хатшысының Құрмет грамотасы;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 20 жылдық мерекесі қарсаңында Приозерск қалалық мәслихат хатшысының Алғыс хаты;

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызметшілер күні» мерекесіне орай Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Мемлекеттік қызметкер ретінде, жауапкершілігі мол, бастамашылдығы, көшбасшылық қасиеттері бойынша табылатын, 41 жыл жалпы еңбек өтілі бар қызметші мемлекеттік қызметке өзінің үлесін қосып келеді.

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі

ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ



Бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған – әйел ана, әйел дана, барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш.

Бүгінгі күн нәзік жанды әйелдер қауымына да жаңа замануи талаптар мен жауапкершіліктер жүктеп отыр. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке- бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік маңызы бар саяси

мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі, біртұтастығымызды сақтаушы күш. Олар тек тұрмыста ғана емес, әлеуметтік салаға қоғамдық өндіріс пен ғылым, өнер, спортқа да барынша үлестерін қосып, еншілерін алуда.

Бүгінде нәзік жандыларымыз барлық саланың бел ортасында жүр. Осындай үлкен жауапкершілікті талап ететін мемлекеттік қызмет саласында жүрген нәзік жандылар қаламыздың мемлекеттік мекемелерінде де жетерлік.

Солардың бірі «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Батима Аманқызы Тұрғамбекова. Батима Аманқызы жоғары білімді, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығын бітірген. Еңбек жолын 1989 жылы Қарағанды облысы Шахтинск қаласында бастаған. Приозерск қаласының жергілікті атқарушы органдарындағы қызметін 2001 жылы қаржы бөлімінде бас маман ретінде бастаған. Аса үлкен жауаптылығы мен кәсіби тәжірибесінің

арқасында қазыргі күні басшының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келеді. 30 жылға таяған жалпы еңбек өтілінің 20 жылы мемлекеттік қызметке тиесілі.

Өзіне жүктелген функционалдық міндеттерінен басқа, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене ат салысады. Жаңа Қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін, бірнеше алғыс хаттар мен құрмет грамоталарымен марапатталған. Ұжым арасындағы беделі мен жоғары біліктілігінің арқасында, алғаш тағайындалған жас мемлекеттік қызметшілерге тәлімгерлік етіп жүр.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қоғам мен мемлекет алдындағы адал қызметтері үшін қаламыздың мемлекеттік мекемелеріндегі барлық нәзік жандыларға алғыс білдіре отырып, алдағы уақытта жауапты қызметтеріне толағай табыс пен жетістік тілейміз!

А.Исатаев,
Әдеп жөніндегі уәкіл

ЖЕНЩИНА – НЕБЕСНОЕ СОЗДАНИЕ

Женщина — небесное создание. Воплощение сказочной мечты. Облако несбыточных желаний. Ветер из добра и красоты.

Сколько сил затратила природа, Создавая Женщину на свет!? Что вложила доброго и злого В этот многоликий силуэт?

Безмятежность летнего рассвета, Чистоту холодного ручья, Теплоту из солнечного света, Свежее дыхание дождя.

Странную загадочность тумана, Чувственность из утренней росы, Буйство разъяренного вулкана И непредсказуемость грозы!



ЕЛ КӨКЕЙІНДЕГІ САУАЛДАРҒА ЖАУАП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен сенбиде informburo.kz сайтына сұхбат берді. Әңгіме барысында еліміздегі өзекті мәселелер қамтылды. Атап айтсақ, Президент ұлттық бірегейлік, бейбіт жиындар, қазақ тілінің келешегі туралы ой қозғады. Осы орайда, оқырманға Мемлекет басшысының сұхбатын ықшамдап ұсынуды жөн көрдік.

Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде ақпараттық кеңістікте орын алып жатқан жайттардың үнемі тыңғылықты бақылайтынын мәлімдеді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, қоғамды толғандырған сұрақтарға қатысты өз ұстанымын түсіндіруді қажет деп шешкен.

Өз сұхбатында Президент Жамбыл облысына жұмыс сапарымен баратынын, Қордай ауданының қазақтар мен дүнгендер тұратын ауылдарының тұрғындарымен кездесуді жоспарлап отырғанын айта келіп: «Біз ұлтаралық, этносаралық қарым-қатынас мәселесіндегі амалдарымызды қайта ой елегінен өткізуге тиісті екеніміз сөзсіз. Қазақстан достық пен келісім аумағы болды және болып та қала береді. Біздің ұранымыз – әр алуандықтағы бірлік», деді.

Президент еліміздегі этносаралық келісім түсінігін қайта қарап, Қазақстан аумағын мекендеген бүкіл этнос өкілдері бір тудың астына жиылуының өзектілігін түсіндірді.

«Осы жерде тұрып жатқан халық, этностық топтар шындығына келгенде бір ұлт саналады. Шетелде бізді «қазақтар» деп біледі. Өйткені біздің мемлекетіміздің атауы дәл осы сөзбен астасып жатыр. Әрине Қазақстанда тұрақты тұратын әрбір этностың өзіндік ерекшелігіне нұқсан келтіру жайында сөз де болмауы тиіс. Олардың барлығы өздерінің тілдерін оқып, қолдануға, мәдениеттерін дамытып, әдет-ғұрыптарын сақтауға құқылары бар және солай болып қала береді. Бұған қоса, қазақ тілі де жедел дамуы қажет. Қазақ тілі болашақта шын мәніндегі ұлтаралық байланыс тіліне айналуы керек», деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда елде бейбіт жиындарға қатысты заң жобасы жан-жақты талқыланып жатқаны белгілі. Президенттің тапсырмасымен жүзеге асып жатқан бұл

бастама сарапшылар тарапынан жоғары бағаланды. Әйтсе де заң жобасын тыңғылықты зерделеген заңгерлер кейбір ережелерді сынға алды. Қ.Тоқаев осыған байланысты өз ұстанымын білдірді.

«Бейбіт жиындар өткізу азаматтарымыздың Конституциямен кепілдік берілген құқығы және жергілікті билік бөлген, бұған қоса қаладан тысқары емес жерлерде өткізе алады. Конституциялық құрылымды бұзуға бағытталған кез келген ұмтылыс, сонымен қатар экстремистік зорлық-зомбылық көріністері заңнамаға сәйкес тоқтатылады. Бұл еліміз азаматтарының басым бөлігінің мүддесі үшін жасалады. Бұған қоса, бейбіт жиындарды өткізудің тек хабарландыру тәртібін енгізу түбегейлі маңызды деп санаймын», деді Президент.

Мемлекет басшысы әңгіме барысында бейбіт жиындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін митингке қатысушылардың жоспарланып отырған санын хабарлауы қажеттігін жеткізді. Бұл олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша маңызды. Сол арқылы ұйымдастырушылар да, жергілікті билік те қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапкершілік алмақ. Алайда заң жобасындағы бейбіт жиындарға қатысушылардың санын 250 адам деп шектеу енгізуді жөнсіз деп санайтынына екпін берді.

Кейінгі кезде қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан тақырып – белсенді Дулат Ағаділдің тергеу изоляторында қаза табуы. Бұған қатысты бірқатар өңірде наразылық акциясы өткен-ді. Қ.Тоқаев аталған мәселеден хабардар екенін, еліміздің әр азаматы ұстанған көзқарасына қарамастан құқығы қорғалатынын атап көрсетті.

«Қоғамдық үлкен резонансқа байланысты бұл іспен тыңғылықты танысып шықтым. Өкінішке қарай белсенді Ағаділ жүрек дерті салдарынан қайтыс болғанын нық сеніммен қуаттай аламын. Басқаша сендіруге тырысу – демек шындыққа қарсы шығу. Қаза тапқан азамат кім болса да, қандай көзқарасты ұстанса да ол ең алдымен адам. Адам өмірі бірегей әрі баға жетпейді. Бәріміз де Алла тағаланың жазмышына мойынсұнамыз. Иманды болсын», деді Президент.

Сондай-ақ Қ.Тоқаев сұхбатында Мұхтар Жәкішевке қатысты да пікір білдірді. Мемлекет басшысы бұл мәселенің сот құзыретіне кіретініне тоқталып, М.Жәкішевтің денсаулығына байланысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы бірнеше рет жүгінгенін хабардар екенін атап өтті. 3 наурызда бірінші инстанциядағы сот отырысы өтеді. Қ.Тоқаев сот шешімі әділ болатынына сенім білдірді.

Бұдан бөлек, Президент қазіргі таңда әлемді дүр сілкінген коронавирусқа қатысты да пікір білдірді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, жағдайды бақылауда ұстауға күш салынып жатыр. Алайда ешкім, тіпті дамыған мемлекеттер де вирустың енуіне қарсы қорғанысқа толық кепілдік бере алмайды. Осыны еске салған Қ.Тоқаев дер уақытында қабылданған шаралар оң нәтижесін беріп отырғанын жеткізді.

«Үкіметке азаматтардың денсаулығын қорғау үшін ең батыл, жан-жақты шаралар қабылдау тапсырылды. Коронавирус әлем бойынша өте жоғары жылдамдықпен таралып жатыр. Мұны да ескеру қажет. Егер тенденция осы қалпында қалса, онда көп адам қатысатын шараларды, оның ішінде халықаралық форумдарды басқа уақытқа ауыстыруға немесе бас тартуға тура келеді. Тарих индеттің билік пен азаматтардың батыл әрекеттерінен «қауіптенетінін» көрсетіп отыр. Орта ғасырда оба өзіне адамдар қарсы тұрғаннан кейін қалалардан кейін шегінді. Ал ол кезде тиісті дәрі-дәрмек те болмаған еді. Меніңше, адамзат білімімен және технологиясымен осынау пәледен қорғана алады», деді Президент.

Естеріңізде болса, өткен айда ЕАЭО елдерінен әкелінген автомашиналарды тіркеу мәселесі туындаған еді. Қ.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында осыны шешуге қатысты бірқатар тапсырма берді. Әлі күнге өзектілігін жоймаған проблемаға тоқталған Мемлекет басшысы Армениядан әкелінген автомашиналарды пайдаланудың тетіктері қарастырылатынын айтты.

«Менің тапсырмаммен Бас прокуратура осы ахуалға құқықтық бағалау жүргізді. Бірқатар мемлекеттік құрылымның қызметіне наразылық бар. Бұған қоса, жеке-леген тұлғалар заңнаманы бұза отырып



және адамдарды алдап, заңсыз бизнес құрып алған. Армениядан машина әкелу барысындағы алаяқтық әрекет фактілері бойынша тергеу жүргізіліп жатыр. ЕАЭО бойынша кейбір серіктестерімізбен де өзара іс-қимылда бірқатар мәселе бар. Біз олармен бірге алдағы уақытта мұндай проблемалардың қайталануына жол бермеу үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз. Үкіметке қазақстандық көлік иелерінің мүдделерін ескере отырып, Армениядан әкелінген автомашиналарды пайдалануды ретке келтіру бойынша қосымша ұйымдастырушылық шараларды әзірлеу тапсырылды», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қызметіне баға беріп, кеңестің мемлекеттік жүйені реформалау бойынша пайдалы ұсыныстарды түрлендіруге үлес қосқанын атап көрсетті.

«Саяси реформалардың бірінші топтамасының заң шығармашылық процесі басталып кетті. Экономикалық салада ауқымды іс атқарылып жатыр. Осы жылдың соңына дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен реформалардың келесі топтамасы әзірленеді. Мемлекеттік қызметшілерді жұмылдыру арқылы қауырт жұмыс жүргізіліп жатыр. Кеңеске мемлекетіміздің құрылысына өз үлесін қосуды қалайтын жаңа адамдар кіргісі келеді. Олар – танымал заңгерлер мен белсенділер. Сондықтан таяу уақытта мен бұған дейін хабарлаған ауыс-түйіс жария етіледі», деді Президент.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы сұхбаты арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамайтынын, елдің мүддесі әрдайым жоғары тұратынын тағы бір аңғартты. Президенттің айтуынша, мемлекеттің бүкіл игілігі халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталмақ.

Дерек-көз: <https://egemen.kz/>

Басты назарда сапалы қызмет

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтеріміз күннен күнге дамып, халыққа қол жетімді және тиімді бола түсуде. Халықтың көрсетілетін қызметтер туралы толық ақпарат алуына барлық жағдайлар жасалған. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет алуға барлығының бірдей қол жеткізуі. Осы арада қол жетімді мемлекеттік қызмет деп бірінші кезекте электронды қызмет алуды айтуға болады. Яғни, электронды үкімет порталы арқылы қолымыздағы цифрлы қолтаңбаның көмегімен, ешбір адамның көмегінен, таныс-тамыр іздеместен, ұзын сонар кезекте тұрмай, ешкімге жалбарынышты болмай-ақ, кез келген қызметті көрсетілген уақытта алу артықшылығына ие болу деген сөз.

Бұл өз алдына мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттырып, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жойып, әрқайсымыздың цифрлы сауаттылығымызды жорғарылатып, бәсекеге қабілеттілігімізді айқындайды.


Елбасының «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауындағы нұсқауларға сәйкес мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетуді халық арасында танымал ету бағытында облыс бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасы бойынша облысымыздың барлық қала, аудандарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрменкелері өткізілуде, ақпараттық буклеттер таратылуда, ХҚКО, білім беру ұйымдарында, әр ауылдық округ әкімдіктерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды алуға барлық мүмкіндіктер жасалуда.

Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауындағы Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

тиімді қарастыратын "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет деп көрсеткен болатын.

Агенттіктің бастамасымен іске қосылып, бүгінгі күні қызмет алушылар ара-



сында оң бағасын алып отырған «Digital agent» қосымшасын халықпен байланыс орнатуға, халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымдарымен қоса ұсыныс, пікірлерін де қалдыра алатын халық пен мемлекет арасындағы байланыс тетігі деп те атауға болады.

Яғни, қызмет алушылардың кез-келген пікірі жылдам әрі уақытылы қызмет берушілер тарапынан назарға алынып, жіберілген оқлықтардың орны толтырылып, орын алған мәселелер бірден шешімін тауып отырады.

Бүгінгі таңда Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес электронды қызметтер саны - 468, соның ішінде «электрондық үкімет» қол жетімді қызметтер саны - 370 болса, қалған 98 қызметті электронды фор-

матта алу үшін қазіргі уақытта бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде.

Мысалға алатын болсақ «Электрондық үкімет» порталында немесе «eGov mobile» мобильді қосымшасы арқылы саби дүниеге келгеннен-ақ ата-анасы бала тууды тіркеу,

діру болып табылады.

Бұған мысал ретінде, қазіргі уақытта мекемелерге баруынсыз, қатысуынсыз көрсетілетін «Бала туу» проактивті қызметін айтуға болады. Бұл проактивті қызмет арқылы ата-анасы мемлекеттік қызмет алу үшін өтінім білдірмей-ақ, SMS-хабарламалар арқылы жаңа туған нәрестеге ат бере алады, туу туралы куәлікке өтінім бере алады, балабақшаға кезекке қоя алады, біржолғы төлем сомасын біле алады, тұрғылықты жері бойынша тіркей алады.

Бұған қоса, Telegram мессенджері 22 онлайн-қызметтерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналды.

2018 жылғы мамыр айында @EgovKzBot – электрондық үкімет порталы боты іске қосылды. Бүгінгі күні бот арқылы соттылықтың болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы, наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез диспансерінен анықтамалар алу сияқты тағы да басқа қызметтер мен сервистерді алу мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, сұранысқа ие денсаулық сақтау саласының қызметтерін «Datumed» қосымшасы арқылы алуға болатын болса, бітім беру саласының мемлекеттік қызметтерін «Indigo» қосымшасының көмегімен қол жеткізуге болады.

Жоғарыда аталған барлық іс-шаралардың басты мақсаты мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттыру болып табылады.

Ә. Әбдікәрімов,
МҚИА Қарағанды облысы бойынша
департаменті МКҚБ бас маманы

Спон-фейк

ОКОЛО 20 ФЕЙКОВЫХ РАССЫЛОК О КОРОНАВИРУСЕ НАСЧИТАЛИ В МИНЗДРАВЕ РК

Порядка 20 фейковых рассылок о коронавирусной инфекции насчитали в Министерстве здравоохранения страны, передает корреспондент «Хабар 24». Многие из них сообщали о случаях заражения или методах профилактики COVID-2019.

Чеснок натошак для защиты от коронавируса? В рассылке в стиле нетрадиционной медицины сообщалось, что это якобы совет профессора Жаксылыка Доскалиева. Однако таким образом в отдельных случаях можно не поправить здоровье, а наоборот – навредить себе.

На явный фейк стремительно отреагировали в Минздраве. **Елжан Бирганов, министр здравоохранения РК:**

- Мне неизвестно о том, что вы говорите, о том, что профессор Доскалиев давал такие рекомендации. Мало того, я скажу, что это, скорее всего, фейк, за распространение которого сегодня же мы сделаем обращение в правоохранительные органы. Любые, даже безобидные вбросы, мы расцениваем как лживые. Потому что они связаны с определенным лицом. Однако пока заявления в полицию от министерства не поступало, говорят представители ведомства.

Диас Ахметшарип, официальный представитель Министерства здравоохранения РК:

- Заявление было непосредственно от госпожи Доскалиева. Он выступил где-то в печатном издании. И также обратился в правоохранительные органы. В КНБ. Я так понял, что по нашей информации он подал заявление. И теперь органы будут заниматься человеком, который в WhatsApp распространил от его лица информацию.

С момента вспышки эпидемии в Китае Всемирная организация здравоохранения зарегистрировала порядка 200 фейковых

сообщений. Недостоверная информация массово разлетается и по отечественным мессенджерам. В Казахстане насчитали уже два десятка сомнительных видео. На одном из них, как выяснилось позже, учения по пожарной безопасности в одном из торговых центров Шымкента. Снявшего видео мужчину задержали. Сразу после он принёс публичное извинение. Другая рассылка гуляла по Сети на прошлой неделе. Только на кадрах нереальный случай заболевания инфекцией, а учения, которые проводил акимат Павлодарской области. Несколько дней назад появилась информация, что в одной из клиник столицы с декабря лечат ребенка с коронавирусной инфекцией. Интересно, что об эпидемии стало известно только в январе. Разумеется, это тоже фейк.

А вот верят ли в рассылки столичные жители?

- Не верю.

- Мое мнение, что в дальнейшем он станет как сезонная болезнь, наподобие гриппа.

- Страшно, конечно. Но не думаю, что он здесь есть.

- Паники не должно быть нигде, ни в WhatsApp. А то вот скидывают фейки.

Марк Брюшко, корреспондент:

- И в этом бесконечном потоке информации главное – помнить, что пока коронавирусной инфекции в Казахстане нет. Поэтому специалисты советуют защищать себя такими же методами, как при обычной вирусной инфекции. То есть следить за своим здоровьем. Соблюдать правила личной гигиены. Дезинфицировать руки и слизистую оболочку. Ну и, разумеется, стараться не посещать места массового скопления населения.

Источник: <https://24.kz/>

ПЕРЕНЕСУТ ЛИ КАНИКУЛЫ В КАЗАХСТАНЕ

Ограничения при проведении праздничных утренников в школах не связаны с распространением коронавируса, так как в Казахстане нет ни одного случая заражения COVID-2019. Об этом заявил главный санитарный врач Жандарбек Бекшин, передает корреспондент Tengrinews.kz.

"На сегодня не зарегистрировано ни одного случая (заражения коронавирусом в Казахстане. - Прим.). Соответственно, мы не ставим вопрос ни о введении карантина, ни о переносе каникул на более ранний срок", - заверил Бекшин.

В Управлении образования Нур-Султана сообщили, что "в целях предотвращения распространения вирусных инфекций (ОРВИ и гриппа) организациям образования рекомендовано ограничить массовое посещение в период проведения мероприятий с участием детей в рамках празднования 8 Марта". Отмечается, что



мероприятия пройдут по плану, но рекомендовано избегать большого скопления людей.

"По ОРВИ у нас эпидемическая ситуация ниже уровня прошлого года. Грипп у нас на обычном сезонном уровне", - уточнил Жандарбек Бекшин.

Тем не менее он пояснил, что санврачи каждый год в зимний период рекомендуют ограничивать проведение массовых мероприятий.

Источник: <https://tengrinews.kz>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – КАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – адам табиғатының бұзылуына, адамгершіліктің тапталуына, адамдардың бөлінуіне әкеледі. Бұл қоғамдық сананың рухани жақтан емес, материалдық тұрғыдан дағдарысқа ұшырауы. Қазіргі таңда бұл мәселеге еліміздегі мемлекеттік органдар өте үлкен көңіл бөледі. Елімізде жемқорлықпен күреске нақты қадамдар қолға алынууда.

Қоғам үшін жемқорлық қашанда індет

болып саналады. Ал, оны жою – баршамыз үшін ортақ міндет.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің барлық өңірлерінде «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Осы тапсырманы орындау негізінде 2019 жылы бастау алған «Сарыарқа-адалдық алаңы» жобасы аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Бұл жоба әліде жалғасын табууда.

Биыл қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күллі Қазақстан халқын ортақ мереке, дүбірлі той құрметіне қолға алынған игі бастамаларға белсене атсалысуға шақырған болатын.



Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен кара сөздерінде ұлт болмысы, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Ұлы ақынның шығармалары бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

2020 жылы 29 қаңтар күні «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің кітапханашыларының ұйымдастыруымен Абайдың 175 жылдығы және «Бір ел – бір кітап» акциясы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы»

роман-эпопеясын насихаттау мақсатында 44841 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Ринат Маратұлы Кабышев және бөлім жеке құрамы қызметкерлері арасында жылжымалы кітап көрмесі мен ақпараттық сағат өткізілді.

Көрмеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 9 қаңтарында жариялаған «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласына ақпараттық шолу жасалды. Сарбаздар ұлы ақынның өлеңдері мен кара сөздерін мәнерлеп оқыды. Шара барысында «Абай Құнанбаев - ұлы ақын» атты бейнероликтер мен презентация көрсетіліп, ақпарат ауқымы толықтырып берілді. Әскери қызметкерлер ақынның шығармашылығы мен өміріне байланысты викториналық сұрақтарға жауап берді. «Әлем таныған ұлы Абай» атты кітап көрмесімен танысып, «Көзімнің қарасы» өлеңін хормен айтты.

«Приозерск қалалық кітапханасы»

КММ

100-ЛЕТНЯЯ ДОМБРА ЧУДОМ СОХРАНИЛАСЬ У ЖИТЕЛЯ ГОРОДА БАЛХАШ

Об интересной реликвии, о домбре известного казахского акына, певца и композитора Асета Найманбайұлы рассказывает «Орталық Қазақстан».

Она чудом сохранилась у жителя города Балхаш. Инструменту около 100 лет. Попал он в семью в 20-х годах прошлого века. Акын сам подарил ее предку Шалғынбая Сатыбалдыұлы. За то, что он исполнил песню Биржан сала.

«В то время я учился в 5 классе. Домбра всегда хранилась в отчем доме. Она стала первым музыкальным инструментом, который я взял в руки, когда стал увлекаться музыкой. Состояние её, правда, оставляло желать лучшего. Я отремонтировал домбру. На ней, кстати, была интересная надпись на



арабском. Перевести её мне помог один аксакал, знающий язык. Надписью оказалось имя - Асет. Мне сказали, что это настоящая реликвия, и я должен её сохранить. Теперь она висит в моём доме. На почётном месте».

Источник: <https://www.zakon.kz/>

Қоғамға төнген қауіп

байлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында 2020 жылдың 17 ақпанында бөлім мен орталықтың қызметкерлерімен «Әлеуметтік салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбы аясында дөңгелек үстел өткізді.

Сондай-ақ алдағы уақытта көп балалы және аз қамтылған отбасылармен, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және зейнеткерлермен, жұмыссыз азаматтармен кездесу өткізу жоспарлануда. Осы орайда жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылып, өткізіліп жатқан іс-шараға бәріміз атсалысып, жұмыла кірісейік.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ



КАК НЕ СТАТЬ ЖЕРТВОЙ ФИНАНСОВОЙ ПИРАМИДЫ?

Корреспондент Tengrinews.kz Ольга Пастухова обратилась к экспертам в сфере личных финансов. Вот несколько рекомендаций от них.

Оркен Динасылов, преподаватель по управлению личными финансами:

Абсолютно любая доходность сопряжена с рисками. Даже когда человек занимается бизнесом. Риски есть во всех инвестициях. Даже если вы их не видите. Доходность бывает рыночная и спекулятивная. Если кто-то предлагает вам доходность выше 10 процентов в валюте, то это не рыночная, а спекулятивная доходность. Следовательно, и риски будут спекулятивными. А спекулятивные риски невозможно контролировать в принципе.

Когда вы вкладываете свои деньги во что-либо в любую сферу, под любую доходность, вы становитесь инвестором. Кто такой инвестор? Это человек, который понимает, что деньги не растут на деревьях.



Деньги всегда создаются за счет товаров и услуг. Вы вкладываете деньги в бизнес, бизнес направляет их в процесс производства товаров или услуг. Любой бизнес требует денег. Чем больше у бизнеса денег, чем больше товаров и услуг он продает, тем больше он зарабатывает денег для себя.

В развитом мире бизнес берет деньги для производства на бирже. Бизнес создает товары и услуги и с удовольствием делится частью своего дохода с инвесторами за предоставленный во временное пользование капитал. По сути биржа - это как Зеленый базар. Только на базаре встречается продавец овощей и фруктов с покупателями, а на бирже встречаются бизнес, которому требуются деньги, и инвесторы, у которых есть свободные деньги. Если вы не понимаете, где рождается прибыль, то будьте уверены: вас кинут.

Я не верю, когда взрослые люди говорят: "Мы не знали, что это пирамида". Каждый человек должен осознавать, отдавать себе отчет в том, что он делает.

Другие же люди осознают, что это пирамида: "Я быстро найду, получу прибыль и выйду".

Пирамиды строятся на человеческой жадности. Часто люди относят туда все имеющиеся у них деньги, думая: "Был у меня миллион тенге, а станет два". Делать этого нельзя: в личных финансах важна диверсификация. Помните принцип, что "нельзя все яйца складывать в одну корзину"? Это об этом. Почему? Опять же потому что за любой прибылью стоят риски. И чем больше прибыли - тем больше рисков. Если вам обещают даже 30 процентов доходности - будьте готовы потерять весь свой капитал.

Есть такое понятие, как рыночный риск - колебание бизнеса. Вот у вас бывают дни, когда хорошее настроение, а бывают, когда плохое. И у бизнеса такое бывает: есть периоды деловой активности, когда бизнес процветает, а есть периоды экономического упадка, когда бизнес еле как выживает. Это жизнь.

И если кто-то обещает длительный высокий процент прироста, то верить этому не стоит.

Жанна Атымтаева, финансовый консультант:

У финансовой пирамиды есть несколько очевидных признаков.

Нереальная доходность. Доходность от

25-30 процентов вызывает подозрение, потому что таких реальных процентных ставок на рынке нет. Даже на фондовом рынке доходность в год в среднем будет 8,5-9 процентов, максимум - 10 процентов. Бывают годы, когда доходность будет выше 30 процентов, но в долгосрочной перспективе в среднем доходность все равно составит 8-10 процентов.

Самое главное, когда вы вкладываете деньги, важно понять, на что берутся деньги, откуда берется доходность. Организаторы пирамид любят рассказывать легенды, что они вкладывают в паевые фонды, вкладывают в недвижимость где-нибудь на Северном Кипре, например, выдают займы другим людям. И даже могут выдать вам сертификат на недвижимость. Все это прикрытие: такой доходности нет даже на Северном Кипре.

Вложить деньги предлагают люди, далекие от финансового рынка. Вас могут пригласить на встречу в недорогой офис или кафе. И способ приема денег у них тоже не по стандартам.

Организаторы финпирамид играют на человеческой слабости: быстро заработать, ничего не делая. Нужно понимать, что в мире финансов деньги не берутся из ниоткуда. Реальные деньги увеличиваются, только когда что-то производят, когда их во что-то вкладывают.

На фондовом рынке они вкладываются в производство компаний, они что-либо производят, увеличивается их стоимость - растут деньги инвестора. Когда речь идет о депозитах, то банки берут деньги под проценты и отдают тем же самым компаниям и людям в кредит. На разнице между процентом депозита и кредита они зарабатывают. **Просто так из ниоткуда деньги не берутся.**

Отсутствие документов, лицензии, налогов. В Казахстане, чтобы работать с деньгами, брать или давать деньги, нужна лицензия. Лицензию у нас выдают два органа - Национальный Банк РК и Финансовый регуляторный центр (AFCA) в Нур-Султане.

Когда гарантируют доходность на рынке ценных бумаг. В Казахстане это нельзя делать по закону.

Также довольно распространена ситуация, когда организаторы в открытую говорят, что это финансовая пирамида. Но утешают: "Вы пока с самого верха, вы заработаете". Это избитая фраза у всех людей, которые организуют пирамиды. На самом деле вы никогда не узнаете, на какой ступени стоите.

Особый признак, что вы в самом низу, если про эту финансовую схему говорят все вокруг. Так устроены пирамиды. Организовать, быстро собрать деньги, всех кинуть и жить, пока есть деньги. Как только кончатся - организовать новую.

Любопытно, что, когда людям предлагают инвестиции на фондовых рынках, они открещиваются: "Ой нет, все обманщики". Они вспоминают "МММ" и "Смагулов и К", из-за которых при развале Союза пострадало много людей. Но когда к ним приходят другие люди, говорят: "Сейчас 40 процентов сразу вернем", они верят и вкладывают. И даже если вы решили рискнуть сами, не стоит никого приглашать в эту схему. Репутация всегда дороже денег. Когда кто-то пострадает из-за вашей рекомендации, то в будущем вам не будет доверия.

Ни в коем случае нельзя вкладывать в пирамиду деньги из ваших пенсионных, на образование детей и покупку недвижимости. Ключевой вопрос при выборе инвестиций для этих целей - не скорость заработка, а приоритет "Сохранить то, что есть".

На сегодня есть другие виды инвестиций, более надежные.

Те, кто копил на пенсию, желая после 60 лет поддерживать существующий образ жизни, могут обратить внимание на пенсионные аннуитеты в страховых компаниях.

Источник: <https://tengrinews.kz/>

В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕНИЛИ ПРОПИСКУ ДЛЯ ДЕТЕЙ ДО 14 ЛЕТ

С 22 февраля вступили в силу изменения в миграционном законодательстве, согласно которым дети до 14 лет не подлежат регистрации по месту жительства, сообщает Polisia.kz.

"Внесены изменения, согласно которым регистрация по месту жительства, постановка на учет (регистрация) временного пребывания (проживания) оформляется внутренними мигрантами, достигшими 14 лет. В соответствии со статьей 16 Гражданского Кодекса Республики Казахстан местом жительства лиц, не достигших 14 лет, или граждан, находящихся под опекой, признается место жительства их законных представителей", - рассказал начальник Управления миграционной службы ДП СКО Талгат Абилов.

Кроме того, в миграционной службе добавили, что теперь государственные и



местные исполнительные органы для подтверждения места жительства ребенка при оказании госуслуг должны получать из информационных систем (в рамках информационного взаимодействия с ГБД ФЛ) сведения о регистрации по месту жительства по одному из родителей.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

ПРОДЛЕНИЕ ЗАПРЕТА НА ВЫВОЗ ГСМ

Нефтеперерабатывающие заводы страны на сегодня полностью перекрывают потребности внутреннего рынка в ГСМ. Всего в этом году запланировано произвести 12,5 миллионов тонн нефтепродуктов.

Как сообщают в ведомстве, расчеты составлены исходя из потребностей рынка. В случае необходимости объемы переработки могут увеличить. Экспортируют казахстанский бензин в страны Европы и Центральной Азии. В прошлом году после снятия временного запрета экспорта за рубеж было продано порядка 180 тысяч тонн. Ограничение на вывоз топлива автомобильным транспортом прошлой осенью

ввели для того, чтобы не допустить дефицита на внутреннем рынке. Из-за разницы в цене более дешевый казахстанский бензин и соляру фурами вывозили в соседнюю Россию.

Министр энергетики Нурлан Ногаев официально заявил, что теперь продлевать запрет будут каждые полгода:

- В целях исключения фактов образования дефицита ГСМ, введен запрет на вывоз нефтепродуктов с территории Республики Казахстан автомобильным транспортом, который будет продлеваться каждые 6 месяцев..."

Источник: <https://24.kz>

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Анталый)
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр:
8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена - 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж,
хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел.: +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 10/654. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел.: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.